

ТӨТЕ ТӘРЖИМА

«АЛПАМЫС» ЖӘНЕ «БАМСЫ»

Түркілердің байырғы да «басты» дастандарының бірі болып табылатын «Алпамыстың» осы күнге дейін Түрік Республикасындағы ғылыми қоғамдар мен зерттеушілер тарапынан қолға алынбай келе жатқаны өкінішті жай. Оның есесіне, «Алпамыс» XIX ғасырдың екінші жартысынан бергі кезеңде Россияда және Совет өкіметі жылдарында кем дегенде 37 рет басылып шықты. 1930 жылдарға дейін жарияланғандары араб алфавитімен, ал 1939 жылы Ташкентте жарық көргені латын әріптерімен терілген. Бұдан кейін шыққандары орыс (кириллица) алфавитінде, яғни кезінде орыстың шіркеу қызметкері Ильминскийдің осы алфавитті негізге ала отырып, түркі диалектілері үшін арнайы құрастырған алфавиттерінде басылған. Көлемі 5000 сөз бен 60000 сөз аралығында.

Ғасырлар бойына түркі тектес тайпалар ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіліп, біздің заманымызға дейін алып келген бұл жырдың түрлі себептермен жоқ болып кетпеуін ойластырып, алғаш рет оны қарағза түсірген Қазандағы татар ағалылары екені мәлім. Сол кейінірек Ташкенттегі ұлт ағартушылары бұл ізденістерге ат салысып, жырдың басқа варианттарын ақындардан жазып алды және бастырып шығарды. 1930 жылдардан бастап совет зерттеушілерінің осы ғылыми қарекеттерге кең көлемде араласа бастағанын көреміз. Сондықтан да болар, жоғарыда аталып өткен 37 басылымның орта есеппен жартысы дастанның орысша аудармаларынан тұрады. Түркі тілдерінде жарияланғандарының бір-қатарының да орысша аудармалары қоса берілген.

Салыстыру үшін «Қорқыт ата» дастанының алғаш 1811 жылы неміс тілінде, ал содан бергі кезең ішінде

кем дегенде алты тілде он екі рет басылып шыққанын айтып өтсек те жеткілікті.

Ал «Алпамыс» дастанының болса, өзі дүниеге келген түркі тілдерінен басқа және Ресиядан тыс жерлердегі өзге бір тілде жарияланғанын кездестіре алмай отырмыз. (Ауғанстанның шығысында және солтүстік-шығысында тұратын тәжіктер «Алпамысты» парсы-тәжік тілінде де айтады екен. Түркі тілдері мен тәжік тілін бірдей білетін ақындардың аузынан жазылып алынған дастанның мұндай варианттың аудармасы СССР-де жарияланған болатын). Сол себепті осы жолдардың авторы қазіргі кезде «Алпамыс» дастанын ағылшын тіліне аударумен шұғылданауда. Өзбек және Шығыс Германия зерттеушілерінің бірігіп бұл дастанды неміс тіліне аударып жатқаны жайлы да хабар бар.

«Алпамыс» дастанының кішіне бір варианты XV ғасырдан бері Бамсы Бейрек туралы аңыз түрінде Анатолияда айтылып келеді. «Қорқыт ата» дастанынан орын алған Бамсы Бейрек жайлы бұл аңыз бен «Алпамыстың» негізгі мазмұнында, жергілікті тұрмыс-тіршілікке байланысты айырмашылықтарды былай қойғанда, көп ерекшелік жоқ. Бұл мәселені арнайы зерттеген Әбдулқадыр Инан (түрік ғалымы — Ф. Ә.) Алпамыс пен Бамсы Бейректің (Алып Бамсы?) олардың жұбайлары Варшын (Гүлбаршын — Ф. Ә.) мен Вану Чичектің есімдерінің ұқсастығына да назар аударды. Бамсы Бейрек пен Алпамыстың өкелерінің аттары, олар тумасы бұрын өкелерінің перзентті болуды армандауы, жұбай-

ларының есімдері, екі жұптың өзара бесік құда болуы, екі алыптың екеуінің де жау қолына тұтқынға түсуі және тұтқыннан қашып шығуы, әйелдерін басқаға зорлап қосу әрекеті, сондай той сәтінде батырлардың еліне қайтып оралуы — осының бәрі екі дастанды бір-біріне жақындастыратын елеулі ұқсастықтар.

«Алпамыс» пен «Бамсы Бейрек» арасындағы басты айырмашылық мынада: Алпамыспен бірге оның шыққан руы да бүтіндей жау қолында қалып, кейін бірге азаттық алады, ал Бамсы Бейрек болса, тек өзінің 40 жігітімен ғана тұтқынға түседі, ол шыққан Оғуз тайпасының тұтасымен тұтқындалуы дастанда өңгіме болмайды. Бұған қосымша «Бамсы Бейреке» түрлі күлдіргі оқиғаларға себепкер болып жүретін Төтенек Қаржар есімді тағы бір кейіпкер бар. Алпамыстың серіктерінің бойынша өзіндік ерекшеліктері мен өздеріне тән қасиеттері орнымен өзгеріске ұшырап отыратын болғанымен, олардың ішінде көбірек қолданылатын есім — Қаражаң.

Алпамыстың тарихта алатын орны немесе өмірде шын болғандығы я болмағандығы жайлы мәселе де арнайы зерттелмей келеді. Осы орайда ортаға салынуға тиіс мынадай үш болжамымыз:

1). Ғазневидтер мемлекеті өлсіреген соң 1208—1209 жылдары Ғазнаға келген Айбек осында өз үстемдігін орнатады және 1210 жылы аттан жығылып, жараланады да өледі. Ұлы Өрам бір жыл тақта отырады да оның орнын Шәмседдин («дін шұғыласы») атағын алған Илтутмыш яғни Алтамыш есімімен белгілі болған Илбары

БЕЙРЕК» — ЕКІ АТ, БІР ДАСТАН

Х. Б. ПАКСОЙ, түрік ғалымы

тайпасынан бір түркілік иеленеді. Сол Алтамыш — Илтутмыш бастырып шығарған ақшадан біз оның араб әріптерімен жазылған «Илтутмыш» түріндегі есімін оқи аламыз. Осылайша, ғазневидтердің соңын ала Үндістанда болған Илтутмыш — Алтамыш пен Алпамыс есімдерінің арасында байланыс табуға бола ма, әлде болмай ма деген мәселе келіп шығады;

2). Әбдулқадыр Инан Әбілғазы Баһадурхан өзінің «Шежіре түркіде» Қармыс бектің қызы және Мамыс бектің (Алып Мамыс?) әйелі Варшын жайлы да өңгіме ететінін ескерусіз қалдырмауды жөн санайды;

3). «Қорқыт ата» дастанын қолжазбадан ағылшын тіліне аударған доктор Г. Левис «Алпамыс» есімінің «алп имиш» («алып екен») тіркесінен алынуы мүмкін деген болжам айтады. Хасан Эрэн (түріктің тілші ғалымы — Ф. Ә.) «Алпулу» есімінің түбіріндегі «Алпулу» сөзінің геминация (дыбыстардың қосарлануы) жолымен «Алпуллуға» айналғанын атап көрсетеді. Сондай ұқсас төселдер арқылы «Алп-имиштен» («алып екен») «Алпамыстың» келіп шығуын шығыс түркі тілдерінің деректері дәлелдеп береді деп қарауымызға болады. Қысқасы, бұл зерттеушілер үшін мейлінше қызығалықты тақырып екені анық.

Түркі дастандарының ішіндегі оқитын халқының саны мен тараған географиялық аумағы тұрғысынан ең көбірек белгілі болып отырған «Алпамыс» жайлы бүгінге дейін барынша байсалды зерттеу жүргізген адам — Виктор Жирмунский деп білеміз. Бұған қоса,

арасында қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, өзбек және орыс ғалымдары бар — барлығы отыз бестен астам зерттеуші тек «Алпамыс» дастаны жайлы 1901—1967 жылдар аралығында кем дегенде жүз сексен кітап және ғылыми хабарламалар жариялады. Мұның көбі — орыс тілінде. Бұл санға жоғарыда айтылып өткен отыз жеті текст кірмейді.

Осы күнге дейін жарияланып келген «Алпамыс» тектерінен тыс СССР Ғылым академиясының бір саласы болып табылатын Ташкенттегі Өзбек Ғылым академиясының кітапханасында әлі күнге дейін қолжазба түрінде сақтаулы бұл дастанның аз дегенде тағы да жиырма жеті вариантының бар екенінен хабардармыз. Басқа бір деректерге қарағанда, мұндай варианттар елу жыршыдан жазылып алынған және олардың жалпы саны жүз елуден астам көрінеді.

Азияның он бес миллион шаршы километрге жуық территориясын алып жатқан үлкен өңірінде мың жылдан астам уақыт бойына жасап келе жатқан «Алпамыс» дастанының жергілікті өзгешеліктерге ұшырауы табиғи нәрсе. «Алпамыстың» жоғарыда сөз болған отыз жеті басылымы шығыстағы Таулы-Алтай мен батыстағы Ленинград аралығында орна асқан тоғыз қалада жүзеге асырылған. Сондықтан оларда қазағыз түсірілген өңірлердегі жергілікті өзгешеліктер мен түрлі түркі руларының тарих барысында басынан өткерген оқиғаларын еске түсіретін айырмашылықтар кездеседі. «Алыптар» мен олар шыққан рулардың күрес жүргізген

тайпалары (жоңғар, қытай, т.б.) нақты анықталуы керек. Ал «Алпамыс» дастанының қандай жолмен Алтай тауларының етегінен Анатолияға келіп жеткені жайлы зерттеулер бар.

«Қорқыт ата» мен «Алпамыс» дастандарының арасындағы байланысқа келсек, бұл мәселе де зерттелген. Гомер туындысы «Одиссейдің оралуы» «Алпамыс» дастанына әсерін тигізген деген де пікір бар. Ал Г. Левис болса, қолдағы деректердің жеткіліксіздігін айта келіп, мұндай әсер керісінше болған болуы да мүмкін деген көзқарас танытады.

Бізге белгілі негізгі түркі дастандарының жалпы саны елуге таяйтыны анық. Ауызша жолмен дүниеге келіп, ұрпақтан ұрпаққа жазу-сызусыз жетіп отырғандықтан олардың жоғалып кету қаупі болғанын ойлауымыз онша орынсыз емес. «Алпамыс» сияқты ол дастандардың бәрі осы күнге дейін түбегейлі түрде зерттеу объектісіне айналмай келеді. Ал бұл дастандар өздері сөйлеткен шынайы тарихи деректер, әдет-ғұрыптармен қоса кейінгі дәуірлердің ақын-жаушыларына тіл, ой-пікір және көркемдік тұрғысынан осы күнге дейін мол дәрежеде әсер етіп келе жатыр.

Түрік тілінен аударған Фадли ӘЛИЕВ.

(Бұл мақала Анкарада шығып тұратын «Furh Dili» («Түрік тілі») журналының 1985 ж. июль айындағы 403-санының 619—622 беттерінде жарияланған).

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ҚАЙТА ОРАЛАМЫЗ

Газетімізде Абай творчествосының оның жылдар дағы зерттеуі барысына, Абайтану ғылымының кәсіпті хал жағдайына, сондай-ақ ұлы ақын шығармаларының ғылыми текстологиясына нақтысы толықты мәселелер бұрын да біраз жазылған еді. Мәселен, К. Әмірханов пен М. Мырзахметовтің «Абайдың таңғын біттік пе?», (№ 13, 29 март, 1965 ж.), Г. Вельгердің «Асылға абай болдык», (№ 19, 9 май, 1965 ж.), «Абай және Гоголь», (№ 27, 5 июль, 1965 ж.), Т. Мединскийдің «Менің Абайым», (№ 15, 12 апрель, 1965 ж.), А. Исмаиловтің «Абайдың дұрыс оқуы», (№ 26, 6 сентябрь, 1965 ж.), С. Ақатаевтің «Абайдың әлеуметтік поэзиясы», (№ 26, 26 июль, 1965 ж.) атты мақалаларында айтылған ойлар, материалдар проблемалар оқырмандар тарапынан үлкен қызығу таныды. Оқиншісі сол бұл мақалаларға орай редакциямыз көңілді есті мекемелерге хат жолдағанымыз қанағаттанарлық жауап болмағаны — қызығарлық жай. Ғылыми мекемелер мен баспа орындарына құлақ жаныс ретінде бүгін Абай жырларына байланысты

Төркінінің берген жауыр айыры несі? Және Абай бұл өлеңді қай кезде айтқан? Түсінік қажет өтетін осы сөздер болу керек. Егер өлеңнің айтылу тарихы мәлім болмаса: «Өлеңнің туу тарихы анықталмады», — деу керек еді. Абайдың 1933 жылы шыққан «Толық жинағын» баспаға әзірлеген Мұхтар Әуезов «Ханның осы өлеңіне былай деп түсінік берген: «Кім екен деп келіп ем түйе құған» деген бір ауыз өлеңді, ел ішінің бір көрі кісісі айтып еді. Сол кісі бала жігіт күнінде, ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барып, төркіні бір жауыр айыр берген соң, соны алып екеуі қайтып келе жатқанда, Құнанбай аулының жолда жатқан түйелерінің арасын аралап өтіп бара жатыпты. Сонда он жасар Бала — Абай, ауылдан тайға мініп шауып келіп, аты-жөнімізді сұрап алып, бұрылып бара жатып осы өлеңді айтты дейді». (Абай Құнанбай-ұлы. Толық жинақ, 1933 ж., 323-бет).

1933 жылғы Абай жинағында ақын өлеңдерінің хронологиялық тәртібі дұрыс сақталып, ең алдымен ақынның он жасында шығарған, жоғарыда аталған өлеңі беріліп, сонында «1855 жыл» деп көрсетілген. Одан соң «Иузи —

Руми оны қатты сыйлап, құрметтеп, Шәмсі (Күн деген сөз) деп атаған. Сол досы 1247 жылы (5 декабрь) кісі қолынан қаза табады. Руми 1248 жылдан бастап жазған өлеңдерін Шәмседдин атынан таратады. Абайдың Жалалиддин Румиді «Шәмси» дейтін себебі осы. Әйтпесе Шәмседдин Тебризи Руми сияқты ақын болған адам емес. Бұл жөнінде Радий Фиштің «Джалалиддин Руми» (Москва, 1972) атты кітабында мынадай мағлұмат берілген: «1244, 26 ноябрь — в Конью приходит безвестный странник Шамседдин Тебризи. Поэт (Руми — К. М.) признает в нем своего наставника...». 1248 — Поэт начинает слагать газели, подписывая их именем Шамсиддина Тебризи, которые впоследствии войдут в собрание его стихотворений «Дивани Кабир». (стр. 281—282).

1248 — Поэт начинает слагать газели, подписывая их именем Шамсиддина Тебризи, которые впоследствии войдут в собрание его стихотворений «Дивани Кабир». (стр. 281—282).

атынан шығарған. Мынау өлеңді сол Көкбай болып шығарып жүрген өз сөздерін ойдап айтыпты. (Бұл туралы Көкбайдың естегісінде толығырақ айтылған. Мұхтар), — деген (324-бет). Көкбайдың Абай туралы естелік өңгімесі сол 1933 жылғы кітапта жарияланғандықтан, оның сөзін түсінікте келтірмеген. «Бұралып тұрып, буыны құрып» дегенді Көкбайдың бір мінезін ұнатпай қалып айтқан екен. Көкбай артынан сұрап алып, жыртып тастапты. Сонымен ерте кезде жарыққа шықпаса да, артынан Көкбай ақсақалдың өзі айтты (Бұл туралы да Көкбайдың естегісінде бірталай сөз бар. Мұхтар), — деп Мұхтар Әуезов Абайдың бұл өлеңіне де түсінік берген. Осы өлеңнің туу тарихын толығырақ білу, қазіргі оқырмандарға да қызықты болар деген оймен, Көкбайдың өз сөзін келтіріп отырмыз: «Ұдайы жолдас болған уақытымда, орыс болсын, қазақ болсын, үлкен кіші болсын, ерқашан, мінезінде бояма болмай, шынымен келген кісіні жақтырушы еді. Бойын бағып, қымтырылып «пәлен көрінем, түгілен көрінем» деп, қолдан пішін

...Табиғатты ағым судай, сымпылдап ұшқан үйрек, қаздай динамикалы халда алған сияқты, адамды да тепе-тең тыныш отырған үнісі, қозғалысыз күйде алмайды. Өркім әр алуан іс пен мінезде, құбылыста көрінеді. Осындай бұй аспанға шыққан, көшіп келген жәрмеңкедей жылды өмірді оқушыға қонымды етіп, «дәл осындай болады» дегендей бас шұлғытып, иландыра біледі...», — дейді Мұхтар Әуезов.

Абайдың осы «Жаз» өлеңінің ерекше атап айтатын тарихы бар. «86-жылға шөйін, жазып жүрген өлеңдерінің барлығын бұрын Көкбай айтты деп жаяды екен. 86-жылдың аяқ кезінде ғана өлеңдерін өз айна шығарыпты», — дейді Мұхтар Әуезов. Абайдың өлеңі бастан өз атына шығарған шығармасы — осы «Жаз» өлеңі. Ал, 1977 жылғы жинақта осы өлеңге берілген түсінікті оқып көрейік: «70-бет. Жаз. («Жазды күн шілде болғанда»). Өлеңнің төксі 1909, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1907, 1910) нұсқасымен берілді» (367-бет). Бар болғаны осы ғана.

Енді 1977 жылғы жинақта жеке сөздерге берілген түсініктерде де кемшілік аз кездеспейтінін атап айта отырып, бірер ғана мысал келтірейік. 1977 жылғы жинақта, «Көңілім қайтты дастан да, дұшпаннан да» деп басталатын өлеңнің: Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда, Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда, — дейтін жолдағы «жыға» деген сөзге: «Жыға — дулығаның артынан қаптап қоятын зат» (11) — деп, ақылға қонбайтын, оғаш түсінік берілгені. «Жыға» деген сөзді Мұхтар Әуезов те қолданады. «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Есен Батыр өзі ізденіп келіп, жекпе-жекте Кебектің қолынан қаза тапқанда, әрі күйініп, әрі ыза қысқан Еспенбет би: «Есен бұл күнге дейін Найманның батыры болса, қазірде Тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған Найманның бір шіріген жұмыртқасы...» — демей ме. Жыға қисайды екен (Абайда), жыға жығылады екен (Мұхтарда) сонда жыға — жұмыртқаның




ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ

№ 41

(1959)
10 ОКТЯБРЬ,
ЖҰМА,
1986 ЖЫЛ.

1934 жылғы
10 январьдан
шыға бастады.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының органы



● Солтүстік Қазақстан облысы Совет ауданындағы «Арал-ағаш» совхозында ұйымдасқан «Гүлдер» атты механизатор қыздар коллективі биылғы астық ору науқанында ерекше көзге түсті. Суретте: Бригада мүшелері (солдан оңға қарай) Раушан Наурызбаева, Зауреш Хұсайынова, Алма Темірбаева,

Айгүл Хасенова, Галия Құрманғалиева, Орынтай Оспанова-лар астық бастыруда күндік тапсырмаларын екі-үш еседен орындап жүрген озаттар.

Суретті түсірген С. Пернебаев.

● АЛТЫН ДӘН — 86.

● ҚЫРҒЫЗ СОВЕТ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КҮНДЕРІ ҚАРСАҢЫНДА.

Лениндік және СССР Мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты Шыңғыс Айтматовпен сұқбат.

● С. Жусуев. Өлеңдер. Ә. Жақышбеков Айқасқа. Әңгіме.

● АҚЫН ХАМИТ ЕРҒАЛИЕВ 70 ЖАСТА. Талант туралы сыр.



● ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА. Төрт-таған туынды.

● ТӨТЕ ТӘРЖІМА. «Алпамыс және «Бамсы Бейрек» — екі ат, бір дастан.

● «Түзегілгені» қане? «Түсініктері» қайсы?

● КИНО. Уақыт бойкүйездікті көтермейді.

● МЕКТЕП РЕФОРМАСЫ — МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ. «Ана тілінің» ажары.

● Қожанәсір қоржыны.